

**Қарыз алушы-жеке тұлғаға («КМФ Банк» АҚ) арналған ақпарат және берешекті
өндіріп алу кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі¹**

1. Егер қарыз алушы жеке тұлға болған жағдайда, ол Банктік қарыз шарты (бұдан әрі – Шарт) бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде «КМФ Банк» АҚ (бұдан әрі – Банк) баруға және (немесе) жазбаша нысанда және (немесе) цифрлық объектілер арқылы және (немесе) банктік қарыз шартында көзделген өзге де тәсілмен Шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістер және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 61-бабының 2-тармағына (бұдан әрі – Заң) сәйкес оның Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен жүгінуін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішпен жүгінуге құқылы.

2. Банк қарыз алушы - жеке тұлғаның Банктер туралы заңның 61-бабының 2-тармағында көзделген өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Шарттың талаптарына қарыз алушы жеке тұлға ұсынған өзгерістерді енгізу мүмкіндігін қарайды және Қарыз алушыға банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен жазбаша түрде, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы банк қабылдаған мынадай шешімдердің бірін хабарлайды:

1) Шарт талаптарына қарыз алушы ұсынған өзгерістерді енгізумен келісетіні;

2) Шарт талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстары;

3) бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тартатыны.

3. Банктің Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған жағдайда немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеген жағдайда, қарыз алушы - жеке тұлға ондай шешімді алған күннен бастап үш ай ішінде банк омбудсманына жүгінуге құқылы.²

4. Қарыз алушы Банктер туралы заңның 61-бабының 10-тармағына сәйкес Шарт бойынша төлемдерді, оның ішінде мерзімі өткен берешекті енгізу қажеттілігі туралы Банктің талаптарын қанағаттандырмаған жағдайда, Банк Банктер туралы заңда көзделген шектеулерді ескере отырып, ақшаға, оның ішінде қарыз алушының банктік шоттарындағы ақшаға төлем талабын қою арқылы даусыз тәртіппен өндіріп алуды қолдануға (егер мұндай өндіріп алу Шартта ескертілген болса) құқылы.

5. Қарыз алушы Банктің Шарт бойынша төлемдерді, оның ішінде мерзімі өткен берешекті енгізу қажеттілігі туралы талабын қанағаттандырмаған, сондай-ақ қарыз алушы - жеке тұлға Банктер туралы заңның 61-бабының 2-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не болмаса Шарт талаптарын өзгерту бойынша қарыз алушы - жеке тұлға мен Банк арасында келісім болмаған жағдайларда, Банк Банктер туралы заңның 61-бабының 11-тармағына сәйкес қарыз алушыға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге (Шартта Банктің осындай құқығы болған жағдайда), Банктер туралы заңның 63-бабының 1-тармағында көрсетілген тұлғаға Шарт бойынша құқықты (талап етуді) беруге, Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгінуге, сондай-ақ «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға құқылы.

6. Банк қарыз алушы - жеке тұлға Банктер туралы заңның 61-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында және (немесе) 4) тармақшасында көзделген банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініш берген кезде, банктік қарыз шарты бойынша комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеуді талап етпестен, кемінде үш ай мерзімге банктік қарыз шартының талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қабылдайды, егер қарыз алушы – жеке тұлға:

¹ «КМФ Банк» АҚ интернет-ресурсында және (немесе) мобильді қосымшасында орналастырылады.

² 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап «қаржы омбудсманы» деп көрсету.

1) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал тобына жататын болса;

2) төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен болса.

7. Банктер туралы заңның 61-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген қарыз алушы – жеке тұлғамен жасалған банктік қарыз шартының талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қарыз алушы өтінішпен жүгінген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген қарыз алушының орташа айлық табысы қарыз алушы өтінішпен жүгінген немесе атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген қарыз алушының орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеген жағдайда қабылданады.